

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ



#РЕСПУБЛИКАКҮНІ2025 CHALLENGE

ҰСТАЗДАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті ұстаздар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз –
Ұстаздар күнімен шын жүректен
құттықтаймыз!

Жас ұрпақты тәрбиелеу
жолындағы еңбектеріңіз бен
жоғары кәсібиліктеріңіз үшін
алғыс білдіреміз. Еліміздің білім
сапасын арттыруға қосып
отырған үлестеріңіз зор.

Сіздерге денсаулық,
еңбектеріңізге табыс,
отбасыларыңызға амандық
тілейміз.

Мерекелеріңіз құтты болсын!



Біз — тәуелсіз елдің ұрпағымыз!
25 Қазан – Республика күніне орай
Ғани Мұратбаев атындағы гимназия
оқушылары

«Елімнің үні – жүрегімнің үні!» атты
челленджді бастайды.

Өз бейнежолдауыңды жаз,
Республикамызға арналған өлең оқы
немесе ән орында,

[#ЕлімніңҮні](#) [#РеспубликаКүні](#)
[#ҒаниМұратбаевГимназиясы](#)
хэштегтерімен бөліс!

Тәуелсіз елдің жастары – болашақтың
жарқын кепілі!

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ



ҚАРИЯЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТЕЙІК!

1 қазан күні Халықаралық қарттар күніне орай, «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» тақырыбында жалғыз басты қарт кісілерге көмек көрсету қайырымдылық акциясы өтті. Шараның мақсаты жалғыздікті қарттармен сұхбаттасып, оқушылардың қолдан келген көмектерін көрсетіп, балаларды саналы тәрбие беруге, жанашырлық, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қарттарымызды құрметтеп, сыйлауға, оқушы бойына асыл қасиеттерді сіңдіруге, үлкенге өнеге, кішіге үлгі болуды үйрету. Үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты екені белгілі.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

«ЖАС ОҚЫРМАН ТЕАТРЫ» ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ!



ГИМНАЗИЯМЫЗДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КІТАПҚА, ӘДЕБИЕТКЕ ЖӘНЕ САХНА ӨНЕРІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА «ЖАС ОҚЫРМАН ТЕАТРЫ» ҚҰРЫЛДЫ.

ТЕАТРДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫН САХНАЛАУ АРҚЫЛЫ ОЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН, АКТЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУ.

ҰЖЫМ ҰРАНЫ:

«КІТАП СӨЙЛЕЙДІ – БІЗ БЕЙНЕЛЕЙМІЗ!»

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

АТА-АНАЛАРМЕН КЕЗДЕСУ

БАЛА ТӘРБИЕСІ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ
ҚОҒАМДА ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ – БАЛА ТӘРБИЕСІ.
БҰЛ ТУРАЛЫ ГИМНАЗИЯМЫЗДЫҢ АТА-АНАЛАРМЕН ӨТКЕН
КЕЗДЕСУДЕ КЕҢІНЕН СӨЗ БОЛДЫ.

АУДАН ӘКІМІ О.Е.БАҚҚАРАЕВ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН
КЕЗДЕСУДЕ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТАҚЫРЫБЫН
ҚАУЗАҒАН БАСҚОСУДА ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАР МЕН САЛА
ӨКІЛДЕРІ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕ ТӨҢІРЕГІНДЕ ОЙ ҚОЗҒАП,
ӨЗАРА ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ.

ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАЙЗАҚ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ МЕҢГЕРУШІСІ
МҰРАТ ӨСКЕНБАЕВ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА САЙ,
ОҚУШЫЛАР МЕН АТА-АНАЛАР МІНДЕТТЕРІНЕ ТОҚТАЛДЫ.

М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ "ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ"
КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОРЫ,
ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ ШОЛПАН
ТУРДАЛИЕВА ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОЙ ӨРБИТТІ.

АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ
ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫҒЫ АЗАМАТ ҮЗЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӨНІНДЕ ТҮСІНІК БЕРДІ.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ – ӨМІР КЕШІЛІ

БҮГІН, БАЙЗАҚ АУДАНЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
БӨЛІМІНІҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН
ГИМНАЗИЯМЫЗДЫҢ 9-11
СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА
ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ КЕЗЕҢІНДЕ
«УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУДЫҢ
АЛДЫН АЛУ»; «ЖЫЛЫТУ
ҚҰРАЛДАРЫН ДҰРЫС
ПАЙДАЛАНУ»; «БАЛАЛАРДЫҢ
ОТПЕН ОЙНАУЫНА ЖОЛ
БЕРМЕУ»; ЖЕР СІЛКІНІСІ
КЕЗІНДЕГІ ІС ӘРЕКЕТТЕР
ТАҚЫРЫПТАРЫНДА
ИНТЕРАКТИВТІ САБАҚ
ӨТКІЗІЛДІ.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

“ЭЛЕМЕНТТЕР АУКЦИОНЫ” АТТЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫН



ЭКСПЕРИМЕНТ АЛАҒЫНДАҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС «ЭЛЕМЕНТТЕР АУКЦИОНЫ» АТТЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРАНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ, ХИМИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР МЕН ЗАТТАР ТУРАЛЫ БІЛІМДЕРІН БЕКІТУ, ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ЖӘНЕ ТОПТЫҚ БІРЛІКТІ ДАМУ БІЛДІ.

ОЙЫН БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАР ЕКІ ТОПҚА БӨЛІНІП, ЖҰМБАҚТАР ШЕШІП, МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР «СОКРАТИВ» ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ БЛИЦ-СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРДІ. АУКЦИОН КЕЗЕҢІНДЕ ӘР ТОП ЖИНАҒАН ҰПАЙЛАРЫН ПАЙДАЛАНЫП, МЕНДЕЛЕЕВ КЕСТЕСІНЕН ЭЛЕМЕНТТЕРДІ «САТЫП АЛДЫ».

НӘТИЖЕСІНДЕ 1-ТОП ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ .

БҰЛ ОЙЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРЫП, ХИМИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН, ТОПТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПЕН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫТТЫ.

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

ТУҒАН ӨЛКЕГЕ САЯХАТ

БҮГІН БІЗДІҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ТУҒАН ӨЛКЕМІЗДІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРЫНДАРЫНА ТАҒЫЛЫМДЫ «ТУҒАН ӨЛКЕГЕ САЯХАТ» АТТЫ ЭКСКУРСИЯ ЖАСАП ҚАЙТТЫ. ЭКСКУРСИЯ БАРЫСЫНДА БАЛАЛАР ӨҢІРІМІЗДІҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІМЕН, МӘДЕНИ НЫСАНДАРЫМЕН, СОНДАЙ-АҚ ТАБИҒИ ӘСЕМ ЖЕРЛЕРІМЕН ТАНЫСТЫ. ОЛАР ТУҒАН ЖЕРДІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ ЖАЙЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР АЛЫП, ӨЗ ӨЛКЕСІНЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІКТЕРІН АРТТЫРДЫ.

МҰНДАЙ ТАНЫМДЫҚ САПАРЛАР ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА ОТАНСҮЙГІШТІК, РУХАНИ БАЙЛЫҚ, МӘДЕНИ МҰРАҒА ҚҰРМЕТ СИЯҚТЫ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

ГИМНАЗИЯ ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАР ӨТКІЗІЛДІ.

ІС-ШАРА БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ, МІНДЕТ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК, ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ ТУРАЛЫ КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРІЛДІ.

СОНЫМЕН ҚАТАР, КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ КЕЗДЕСЕТІН МЫСАЛДАР АРҚЫЛЫ ДҰРЫС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ, ТӘРТІПТІ БОЛУ, ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА МӘДЕНИЕТТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТАНЫТУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ АЙТЫЛДЫ.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН АШЫҚ КҮН

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ 8-ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІНДЕ (ӨСБ) ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТКІЗІЛДІ.

ІС-ШАРА БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАР ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСЫП, АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН, ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖОЛДАРЫН БІЛДІ.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ОҚУШЫЛАРҒА ӨЗ ІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ТҮСІНДІРІП, ШЫНАЙЫ ЖАТТЫҒУЛАР КӨРСЕТТІ.


МҰНДАЙ ШАРАЛАР ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУҒА, ЕЛ ҚОРҒАУШЫЛАР ЕҢБЕГІНЕ ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУҒА ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

ЖАС ТІЛШІЛЕРДІҢ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫ АНЫҚТАЛДЫ!



ГИМНАЗИЯМЫЗДА МЕКТЕПІШІЛІК МЕДИА КАСТИНГ ӨТТІ!
7–8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ӨТКЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУДА ҚАТЫСУШЫЛАР ӨЗ ТАЛАНТТАРЫН ЖУРНАЛИСТИКА, РЕЖИССУРА, ДЫБЫС, БЕЙНЕ ЖӘНЕ АНИМАЦИЯ БАҒЫТТАРЫНДА КӨРСЕТТІ.
КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ШЕШІМІМЕН ӘР БАҒЫТ БОЙЫНША 7-СЫНЫПТАН ЖӘНЕ 8-СЫНЫПТАН ОҚУШЫЛАР БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІНЕ САЙ ТАҢДАЛЫП АЛЫНДЫ.
ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАР ЕНДІ ГИМНАЗИЯНЫҢ МЕДИА ЖОБАЛАРЫНА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСЫП, МЕКТЕП ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ ЖЕТКІЗЕТІН БОЛАДЫ!

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

АСХАНАДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАМАҚТАНУЫН БАҚЫЛАУ

БҮГІНГІ ТАҢДА МЕКТЕП АСХАНАСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ САПАЛЫ ӘРІ ТЕҢГЕРІМДІ ТАМАҚТАНУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ — БАСТЫ НАЗАРДА.

ОСЫ МАҚСАТТА КҮН САЙЫН АС МӘЗІРІНІҢ САҚТАЛУЫ, ТАҒАМ САПАСЫ МЕН САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША КҮНДЕЛІКТІ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

ӘР КҮНГІ БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІНДЕ:
ТАҒАМДАРДЫҢ САПАСЫ МЕН БАЛҒЫНДЫҒЫ ТЕКСЕРІЛЕДІ;
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАМАҚ ІШУ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІНЕ МӘН БЕРІЛЕДІ;
АСХАНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУЫНА БАҚЫЛАУ ЖАСАЛАДЫ.
БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ — БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК!



Content is no longer available

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

«САЙЛАУ ТАРИХЫ: АЗАМАТТЫҚ САНАҒА БАСТАР ЖОЛ»



128 САЙЛАУ УЧАСКЕСІНДЕ САЙЛАУ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН КӨРМЕ ӨТТІ.

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «САЙЛАУ ТАРИХЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КӨРМЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

ШАРА БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАР ЕЛІМІЗДЕГІ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ, АЛҒАШҚЫ САЙЛАУ НАУҚАНДАРЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ МӘЛІМЕТТЕР АЛДЫ.

ОҚУШЫЛАР САЙЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІМЕН ТАНЫСЫП, ӨЗ ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ.

КІТАПХАНА ҚОРЫНДА ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН АҚПАРАТТЫҚ БҰРЫШТАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРДЫ.

ОСЫНДАЙ ТАНЫМДЫҚ ШАРАЛАР ЖАС ҰРПАҚТЫҢ АЗАМАТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА, ЕЛІМІЗДІҢ САЯСИ ӨМІРІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

"SAILAU CUP- 2025" АТТЫ АУДАНДЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИ



БАЙЗАҚ АУДАНЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН "САЙЛАУДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ", "ЖАСТАР ЖӘНЕ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІК" ТАҚЫРЫБЫНДА "SAILAU CUP- 2025" АТТЫ АУДАНДЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

IQ DUO
ЖҰЗБАЙ ГҰЛАЙЫМ
МҰРАТ НҰРГҰЛ
ҒАНИ МҰРАТБАЕВ ГИМНАЗИЯСЫ.ҰЗДІК СПИКЕР
WAGNER
ӨМІРХАН АРНҰР
БАЗАРБАЙ ЖҰЛДЫЗАЙ
#4 МЕКТЕП ЛИЦЕЙ
УЛЬТИМАТУМ
АБДУРАХМАНОВА БАЛСАЯ
БОЛАТ АЙМИРА
ТҮЙМЕКЕНТ ОРТА МЕКТЕБІ

НОМИНАЦИЯЛАР
ЕҢ ҰЗДІК СПИКЕР
БАЛПАНҚҰЛ АЙЗЕРЕ
ҰЛЫҚПАН ӘБІЛМАНСҰР
ҰЗДІК ЖЕТЕКШІ
АСҚАРОВА ГҰЛНАЗ
ҚАБЫЛБЕКОВА РАХАТ
ҰЗДІК ТӨРЕШІ
СЕРІК АҚБОТА
МАМАТКУЛОВА АҚМЕРЕЙ

ҰЗДІК ТАЛПЫНЫС
МҰХАМБЕТЖАН АЙЕРКЕ
ҰЗДІК АНАЛИТИКА
АЗАМАТҚЫЗЫ ГҰЛБАНУ
БАЗАРБАЙ БАЛНҰР
ҰЗДІК КЕЙС
АКИМЖАНОВА АЯНА
АЙЫМБЕКҚЫЗЫ АСИ
ҰЗДІК СТРАТЕГИЯ
УТЕГЕН АЙСЕЗІМ
ҚАНАТҚЫЗЫ АСИ

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ЕЛ БІРЛІГІ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ



ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫНДА 25 ҚАЗАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЛЕЗДЕМЕ ӨТТІ.

ІС-ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ – ОҚУШЫЛАРҒА РЕСПУБЛИКА КҮНІ МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫН ТҮСІНДІРУ, ОТАНСҮЙГІШТІК ПЕН ЕЛЖАНДЫЛЫҚ РУХЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

ЛЕЗДЕМЕ БАРЫСЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ЕГЕМЕНДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР ЕСКЕ АЛЫНЫП, ОҚУШЫЛАР ОТАН ТУРАЛЫ ӨЛЕҢДЕР ОҚЫП, ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР ШЫРҚАП, ӨЗ ЕЛІН МАҚТАН ТҰТАТЫНЫН БІЛДІРДІ.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ НЫШАНЫ,
ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БАСТАУЫ!

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ РУХЫ!

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯДА
25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ
«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ РУХЫ» АТТЫ МЕКТЕПІШІЛІК СПОРТТЫҚ
ТУРНИР ӨТТІ.

ІС-ШАРАНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ –
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ,
ОҚУШЫЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА БАУЛУ,
ДОСТЫҚ ПЕН ҰЙЫМШЫЛДЫҚ РУХЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
БОЛДЫ.

ТУРНИР БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАР
АРҚАН ТАРТУ, АСЫҚ АТУ, ТЕҢГЕ ІЛУ, ҚАППЕН СЕКІРУ,
ЭСТАФЕТАЛЫҚ ЖАРЫСТАР СИЯҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ОЙЫН
ТҮРЛЕРІНЕН САЙЫСҚА ТҮСТІ.

ӘР СЫНЫПТЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ЕРЕКШЕ БЕЛСЕНДІЛІК
ТАНЫТЫП,
ЖЫЛДАМДЫҚ, ЕПТІЛІК ПЕН КОМАНДАЛЫҚ БІРЛІКТІ
КӨРСЕТТІ.

ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУШЫЛАР АЛҒЫС
ХАТТАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

БІР АУЫЛДА ХАЛҚЫ БІЛІМГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ, ЖҰМЫСҚА НЕМҚҰРАЙЛЫ АДАМДАР ӨМІР СҮРІПТІ. ОЛАР КҮНДЕЛІКТІ ТІРЛІКТІ ТЕК ДӘСТҮР БОЙЫНША ЖАСАЙДЫ, ЖАҢА НӘРСЕ ҮЙРЕНГІСІ КЕЛМЕЙДІ ЕКЕН.

СОЛ АУЫЛДА КІШКЕНТАЙ ҒАНА БАЛА БОЛЫПТЫ. ОЛ АДАМДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН КӨРІП, ЖАНЫ АШЫП:

— ОҚУ КЕРЕК! БІЛІМГЕ ҰМТЫЛЫҢДАР! — ДЕП КҮНДЕ АЙТЫП ЖҮРІПТІ.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ОНЫ ЕЛЕМЕП, КЕЙДЕ ҚАТАҢ ҚАРАП:

— НЕҒЫП ШУЛАСЫП ЖҮРСІҢ? — ДЕП АЙТАТЫН. БІРАҚ БАЛА ТОҚТАМАЙ, ӘР ҮЙГЕ БАРЫП, АДАМДАРҒА КІТАПТЫ, БІЛІМНІҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНДІРІПТІ.

БІРДЕ ОНЫҢ СӨЗІН ЖАС ЖІГІТ ЕСТИДІ. ЖАС ЖІГІТ ОЙЛАНЫП:

— ШЫН МӘНІНДЕ, БІЛІМСІЗ БОЛСАҚ, БОЛАШАҒЫМЫЗ ҚАРАҢҒЫ БОЛАДЫ, — ДЕП ОҚУ МЕН ІЗДЕНУГЕ КІРІСЕДІ.

СОЛ ЖАС ЖІГІТТІҢ ҮЛГІСІН КӨРГЕН ТАҒЫ БІРНЕШЕ АДАМ БІЛІМГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТАДЫ. ОСЫЛАЙША, КІШКЕНТАЙ БАЛАНЫҢ ЫҚПАЛЫМЕН АУЫЛДАҒЫ АДАМДАР БІРТІНДЕП ОЯНЫП, ЕҢБЕК ПЕН БІЛІМДІ ЖОҒАРЫ ҚОЯ БАСТАЙДЫ.



**М.ӘУЕЗОВ.
«ОҚЫҒАН АЗАМАТ»**